



Экстернат нысанында оқыту және "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 61 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 18 ақпанда № 13110 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - КР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса берілген Экстернат нысанында оқыту және "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік қызықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық қызықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу қызығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

A. Сәрінжісов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 22 қантардағы
№ 61 бұйрығымен бекітілген

Экстернат нысанында оқыту және "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары

Ескерту. Қағиданың атауы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.10.2018 № 540 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Экстернат нысанында оқыту және "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-10) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және экстернат нысанында оқыту мен негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұйымдар пайдаланылады:

консультация – білім беру ұйымы белгілейтін экстерндермен жұмыс жүргізу нысаны;

экстернат - білім алушы сабакқа үнемі қатыспай-ақ, тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқыту оқыту нысандарының бірі;

экстерн - денсаулығына байланысты білім беру ұйымдарында оқуға мүмкіндігі жоқ және/немесе шетелде уақытша тұратын, сондай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өзі дербес менгерген тұлға.

2-тарау. Экстернат нысанында оқыту тәртібі

3. Білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқыту білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламаларын өзі дербес менгеруін немесе қашықтан оқыту арқылы менгеруін қарастырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4. Экстернат нысанында оқу:

негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында:

1) денсаулығы туралы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы бар білім алушыға;

2) уақытша шетелде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары болып табылатын білім алушыларға;

3) барлық білім алу кезеңі аралығында оқытылған пәндер бойынша "4" және "5" деген бағалар алған білім алушыларға;

мәдениет және өнер, дene шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары):

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 181 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18896 болып тіркелген) бекітілген жеңімпаздарының мәдениет және өнер мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуына рұқсат етілетін халықаралық, республикалық конкурстар мен фестивальдардың тізбесіне сәйкес халықаралық, республикалық конкурстардың және фестивальдардың жеңімпаздарынан;

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында:

- 1) денсаулығына байланысты білім беру үйымына ұзак уақыт бойы келе алмайтын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға және мүгедек білім алушыларға;
- 2) алдыңғы оқу кезеңінде "жақсы" және "үздік" үлгерімі бар, орташа балы 4,5 және одан жоғары білім алушыларға;
- 3) күндізгі оқу нысанында, "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлерінен басқа, бір жылға дейінгі оқу мерзімімен шетелде оқитын білім алушыларға ұсынылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

5. Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында экстернат нысанында:

- 1) осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларға ағымдағы бір оқу жылында бір сыныптың;
- 2) осы Қағидалардың 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген білім алушыларға ағымдағы бір оқу жылында бір немесе екі сыныптың негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгеруге рұқсат етіледі.

6. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға және мүгедек білім алушыларға экстернат нысанында білім беру оқытудың барлық кезеңінде ұсынылады.

7. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқу екінші және одан жоғары курстардың "үздік" оқитын білім алушыларына бір академиялық кезеңде, бірақ бір оқу жылынан аспайтын кезеңде ұсынылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

8. Экстернат нысанында білім алу Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес бекітілген орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім немесе жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

9. Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат алуға өтінішті:

- 1) осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген білім алушылар денсаулығы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысын алған күннен бастап;
- 2) осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген білім алушылар олардың кету күні жеткенге дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей;
- 3) осы Қағидалардың 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген білім алушылар ағымдағы оқу жылы басталғанға дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей береді.

9-1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат алуға өтінішті білім алушылар ағымдағы оқу жылы басталғанға дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей ұсынады.

Ескерту. 9-1-тармақмен толықтырылды – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

10. Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға өтініштерді қабылдау және оған рұқсат беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген "Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйимдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) сәйкес ресімделеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акті мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетіletіn қызметті берушіге, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды - КР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Экстернат нысанында оқыту үшін негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары білім алушының денсаулығын және аралық, қорытынды атtestаттау нәтижелерін ескере отырып, ағымдағы оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес жеке оқу бағдарламасын және консультация беру кестесін құрады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Экстерндерді атtestаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау өткізу үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

14. Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының экстерндерін аралық, қорытынды атtestаттауға жіберу туралы шешімді педагогикалық кеңес қабылдайды. Экстерндерді аралық, қорытынды атtestаттауға жіберу туралы бұйрықты негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы ағымдағы оқу жылының 10 мамырынан кешіктірмей шығарады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Консультациялар мен аралық атtestаттаулар ағымдағы оқу жылының қантар-сәуір айлары аралығында негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өткізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Ағымдық, қорытынды атtestаттау нысаны мен мерзімдерін білім беру ұйымының басшысы белгілейді.

17. Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының аралық және (немесе) қорытынды атtestаттаудан өтпеген экстерндері экстернат нысанынан басқа нысанда жүзеге асырылатын қайта оқу жылына қалдырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 02.09.2019 № 392 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Экстерндерді аралық және қорытынды атtestаттау нәтижелері "Экстернат" белгісі бар хаттамамен ресімделеді және оған емтихан комиссиясының мүшелері қол қойып, орта білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі.

Хаттамаға аралық және қорытынды мемлекеттік атtestаттаудан өту нәтижелерінің жазбаша материалдары қоса тігіледі.

19. Аралық аттестаттаудан өткен экстерндерге тиісті оқу бағдарламалары бойынша оқуды экстернат нысанында аяқтағаны туралы белгісі бар қорытынды бағаларымен белгіленген үлгідегі құжат беріледі.

20. Қорытынды аттестаттаудан өткен экстерндерге "Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 10348 болып тіркелген) сәйкес білім деңгейі (сатысы) туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында өзін өзі тану, дene тәрбиесі, технология, алғашқы әскери дайындық, музыка, сызу бойынша аттестаттау өткізілмейді, ал білімі туралы құжатта "оқылған жоқ" деген жазу жазылады.

З-тарау. Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру мемлекеттік қызметтің көрсету тәртібі

Ескерту. Қағида 3-тараумен толықтырылды – КР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20-1. Мемлекеттік қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес көрсетілген.

Ескерту. 20-1-тармақ жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттар түсken күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушіге қарauғa жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

22. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбеге сәйкес құжаттардың толық ұсынылғанын және (немесе) құжаттардың қолданылу мерзіміне сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаса және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынса көрсетілетін қызметті беруші аталған мерзімде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жолдайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынса көрсетілетін қызметті беруші 6 (алты) жұмыс күні ішінде тиісті білім беру үйымына сұрату жібереді және көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мәліметтерді алады.

Тиісті білім беру үйымынан мәліметтерді алғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың мазмұнын қарайды. Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда экстернат нысанында оқуға рұқсат беру туралы бұйрық әзірленеді және басшымен келісіледі.

Осы Қағидаларға Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетіletіn қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік–процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетіletіn қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді, сондай-ақ көрсетіletіn қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау ресімі ҚР ӘРПК-тің 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге он нәтиже немесе дәлелді бас тарту жауабы құрылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі порталға жолданады және көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіletіn қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электронды цифрлы қолы (бұдан әрі - ЭЦК) қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

25. Көрсетіletіn қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді".

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетіletіn қызметті берушінің және (немесе) онын лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. Қағида 4-тaraумен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетіletіn қызметті берушігे және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Көрсетіletіn қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскең күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетіletіn қызметті берушігे, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңың 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 28-тармак жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықымен.

29. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдепті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 29-тармак жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықымен.

Экстернат нысанында оқыту
және "Негізгі орта, жалпы орта
білім беру ұйымдарында
экстернат нысанында оқуға
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. Қағида 1-қосымшамен толықтырылды – КР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атаяу	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімдері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі- 10 жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметтің көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметтің көрсетудің нәтижесі	Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру туралы бүйрықтың көшірмесі болып табылады немесе мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту болып табылады. Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды.
6	Мемлекеттік қызметтің көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген	Тегін

	жағдайларда оны алу тәсілдері	
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбіден жұмaga дейін 13.00-ден 14.30-дейінгі түскі үзіліспен белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;</p> <p>2) портал - жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болған техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) порталда www.gov.kz.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер	<p>1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қоюылған электрондық сұрату нысанындағы өтініші;</p> <p>2) денсаулығына байланысты білім беру үйімдарына бара алмайтын білім алушылар үшін – "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндептін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 026/е нысанында дәрігерлік-консультациялық комиссияның электрондық қорытындысы;</p> <p>3) барлық білім алу кезеңі аралығында оқытылған пәндер бойынша "4" және "5" деген бағалар алған білім алушыларға - электронды үлгерім табелі; 4) білім алушы ата-анасымен немесе оларды алмастыратын адамдармен бірге шетелге көшкенде көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың уақытша шетелде тұратындығы туралы электронды анықтамасы; 5) білім алушы ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың жетегінсіз шетелге шығатын болса, көрсетілетін қызметті алушының шетелде оқытындығын растайтын электронды құжаты.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті алушының анықтамалық қызметі, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.edu.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" бөлімінде, 8-800-080-7777, 1414 бірыңғай байланыс орталығында орналастырылған.</p>

Экстернат нысанында оқыту
және "Негізгі орта, жалпы орта
білім беру үйімдарында
экстернат нысанында окуға
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
2-қосымша

Өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама Хабарландырылады

Ескерту. Қагида 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.11.2022 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

(тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда))

Экстернат нысанында оқуға рұқсат беру туралы өтінішті қарау кезінде құжаттар топтамасында

(тапсырылмаган немесе сәйкес келмейтін құжаттарды көрсету)

анықталды, осыған байланысты экстернат нысанында оқуға рұқсат беру туралы өтінішті қараудан бас тартылды.

(өтінішті қараудан бас тарту ушін жауапкершілікті өзіне алған ұйымның атауы мен мекенжайы)

Экстернат нысанында оқуға рұқсат беру туралы өтінішті қараудан бас тарту туралы шешімнің тіркеу

нөмірі және күні:

№ _____ " ____ " 20 __ ж.

(лауазымы) (инициалдары, фамилиясы)

Жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы

Экстернат нысанында оқыту
және "Негізгі орта, жалпы орта
білім беру ұйымдарында
экстернат нысанында оқуға
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру туралы бұйрықтан үзінді

Ескерту. Қагида 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтымен.

Дербес нөмір: _____

Алған уақыты мен күні: _____

(жергілікті атқарушы органның атауы)

Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында
оқытуға рұқсат беру туралы бұйрықтан

ҮЗІНДІ

Азамат (-ша): _____ (көрсетілетін қызметті
алушының Т.А.Ә. (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өтініш берген күні: _____

_____ жылғы _____ бұйрықтың негізінде негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру туралы бұйрықтан үзінді.

(жауапты тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы)

Жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы

Экстернат нысанында оқыту
және "Негізгі орта, жалпы орта
білім беру үйымдарында
экстернат нысанында оқуға
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына 4-қосымша

Кімге: _____

басшысы

Жергілікті атқарушы органның
атаусы

Кімнен: _____

Т.А.Ә. (бар болса) және толық
жеке сәйкестендіру нөмірі/

Нысан

Экстернат нысанында оқытуға рұқсат беруге отініш

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағы 24-4) тармақшасына (6-бап, 3-тармақ, 25-7) тармақшасына немесе 6-бап, 4-тармақ, 21-3) тармақшасына), сондай-ақ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағына сәйкес

оқушының Т.А.Ә. (бар болса), түгандық

(білім беру үйымының атауын, сыныбын көрсету)

білім беру үйымында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беруді сұраймын.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын ақпараттық жүйелердегі құпия мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"_____ 20____ ж.

Мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы